

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Төрағасының  
2012 жылғы «29» желтоқсандағы  
№ 408 бұйрығымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
сыртқы экономикалық қызмет шоттарын (сыртқы сектор  
статистикасын) қалыптастыруы әдістемесі**

Алматы, 2012

## Кіріспе

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция, сыртқы борыш бойынша статистикалық ақпаратты<sup>1</sup> қалыптастыру және тарату Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – Ұлттық Банк) негізгі функцияларына жатады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сыртқы экономикалық қызмет шоттарын (сыртқы сектор статистикасын) қалыптастыруы әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) Төлем балансы және халықаралық инвестициялық позиция жөніндегі нұсқаулыққа (Халықаралық Валюта Қорының 2009 жылғы алтыншы басылымы) (бұдан әрі – ТБН6) және халықаралық ұйымдардың<sup>2</sup> әдіснамалық сипаттағы басқа да нұсқаулықтарына сәйкес әзірленді.

Әдістеме Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Басшысының 2010 жылғы 30 желтоқсандағы № 001.01-39.144 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын жүзеге асыру шеңберінде сыртқы экономикалық статистиканың халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

Сыртқы экономикалық қызмет<sup>3</sup> шоттарын ұсынуды ТБН6 талаптарына сәйкес келтіру әдістеменің мақсаты болып табылады, ол статистикада жаңа экономикалық құбылыстарды көрсетуге және оны пайдаланушылардың талаптарын ескеруге мүмкіндік береді. Әдістемені пайдалану сыртқы сектор статистикасын жасау және бағалау сапасының көтеруге жәрдемдесетін болады.

---

<sup>1</sup> Осы статистикалық есептер (төлем балансы, халықаралық инвестициялық позиция, жалпы сыртқы борыш) жиынтығы сыртқы экономикалық қызмет шоттарын құрайды.

<sup>2</sup> Халықаралық Валюта Қоры, БҰҰ тобының ұйымдары, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы, Халықаралық Есеп айырысу Банкі, ЕуроСтат, Дүниежүзілік Банк, басқалары.

<sup>3</sup> «Сыртқы экономикалық қызмет шоттары», «сыртқы сектор статистикасы» және «сыртқы экономикалық статистика» ұғымдары бірін бірі алмастыратын ұғымдар болып табылады.

## Мазмұны

Негізгі ережелер	4
1. Сыртқы экономикалық қызмет шоттарын жасаудың негізгі қағидаттары	4
2. Сыртқы экономикалық қызмет шоттарының құрамдас бөліктері	6
3. Қазақстан Республикасының сыртқы секторы статистикасының ақпараттық базасы, қалыптастыру және тарату кезеңділігі, мерзімдері	12
Пайдаланылған әдебиет тізімі	14

## **Негізгі ережелер**

1. Елдің сыртқы экономикалық қызметінің шоттары резиденттер мен резидент еместер арасындағы экономикалық қатынастардың жиынтығын білдіреді. Олар мынадай құрамдас бөліктерден тұрады<sup>4</sup>: төлем балансы (бұдан әрі – ТБ), халықаралық инвестициялық позиция (бұдан әрі – ХИП) және қаржылық активтер мен міндеттемелердегі басқа өзгерістердің шоттары.

Сыртқы экономикалық қызмет шоттары елдің сыртқы экономикалық қатынастарына, соның ішінде оның сыртқы экономикалық қызметінің көрсеткіштеріне, бағамдық саясатына, резервтерді басқаруға және сыртқы осалдығына талдаудың интеграциялық негізін құрайды.

### **1. Сыртқы экономикалық қызмет шоттарын жасаудың негізгі қағидаттары**

2. Әрбір институционалдық бірлік өзі неғұрлым берік байланыстағы және оның басым экономикалық мүддесінің орталығы болып табылатын тек бір ғана экономикалық аумақтың резиденті болып табылады. Егер осы экономикалық аумақ шегінде сонда немесе соның базасында бірлік ұзақ не белгісіз ұзақ уақыт не белгісіз, не ақырғы, бірақ ұзақ кезең бойы экономикалық қызметті және операцияларды жүзеге асыратын және жүзеге асыра беруге ниетті белгілі бір орналасу орны, тұрғын үй, өндіріс орны немесе басқа да үй-жайлар болған жағдайда институционалдық бірлік экономикалық аумақтың резиденті болып табылады.

3. Сыртқы экономикалық қызмет шоттары экономиканың мынадай секторлары үшін қалыптастырылады: орталық банк, орталық банкті қоспағанда депозиттік корпорациялар, мемлекеттік басқару секторы, басқа секторлар, оның ішінде басқа қаржы ұйымдары және қаржылық емес ұйымдар, үй шаруашылықтары және үй шаруашылықтарына қызмет ететін ұйымдар (ҮШҚЕҰ). Секторлар бойынша жіктеу және бөлу жүйесі халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

4. Есепті кезең ішіндегі экономикалық операциялар мен оқиғалардың экономикалық салдарлары ағындар деп аталады. Халықаралық ағындар шоттарда операциялар және қаржылық активтер мен міндеттемелердегі басқа өзгерістер түрінде көрсетіледі. Ағындар экономикалық құнды құруды, қайта құруды, айырбастауды, беруді немесе жойылуын көрсетеді, олар институционалдық бірліктің көлеміндегі, құрамындағы немесе активтері мен міндеттемелерінің құнындағы өзгерістерден тұрады.

---

<sup>4</sup> Сыртқы сектор статистикасына көбіне сыртқы борышты жатқызады. Сыртқы борыш бойынша стандартты есеп ХИП-тің құрылымдық бөлігі болып табылады, алайда талдамалық мәнінің маңызды болуына байланысты сыртқы борышты сыртқы сектор статистикасының жеке құрамдас бөлігі ретінде қарастыру қабылданған.

5. Операция екі институционалдық бірліктің өзара іс-қимылын көрсетеді, ол өзара келісім бойынша не заңның қолданылуына қарай жүзеге асырылады және экономикалық құндылықтар немесе трансферт алмасумен қатар жүреді.

Әр операция бойынша операцияның әр жағына қатысты дебеттік және кредиттік екі жазба көрсетіледі. Бұл қағидат барлық кредиттік жазбалар сомасының барлық операцияларға қатысты барлық дебеттік жазбалар сомасына теңдігін қамтамасыз етеді, ол шоттардың жеке институциялық бірлік деңгейінде келісуін тексеруге мүмкіндік береді.

Ағымдағы операциялар және капиталмен операциялар шоттарында кредиттеу экспортты, алынатын бастапқы кірісті, алынатын трансферттер және туынды емес қаржылық емес активтердің шығуын көрсететін жазбаларды білдіреді. Дебеттеу импортты, төленетін бастапқы кірісті, төленетін трансферттер және туынды емес қаржылық емес активтердің алынуын көрсететін жазбаларды жүргізуді білдіреді.

Қаржылық активтермен және міндеттемелермен операциялар жағдайында «қаржылық активтердің таза алынуы» және «міндеттемелердің таза қабылдануы» терминдері пайдаланылады. Кредит немесе дебет туралы ұсынымдар түпмәтініндегі ұлғайту (азайту) интерпретациясы осы ұлғайтудың (азайтудың) неге жататынына байланысты (активке қатысты дебет ұлғаюды, міндеттемеге қатысты азаюды білдіреді) болып табылады.

Төлем балансының есебіне негізделген қосарланған жазба жүйесіне сәйкес әрбір операция екі жазбамен көрсетіледі, кредиттік жазбалар сомасы дебеттік жазбалар сомасына тең болады.

6. Операцияларды тіркеу уақыты есептеу қағидатының негізінде айқындалады. Операциялар тіркеу экономикалық құн құрылатын, қайта құрылатын, айырбасталатын, берілетін немесе жойылатын сәтте жүзеге асырылады. Қаржылық талаптар мен міндеттемелердің туындауы қандай да бір ресурстарды меншіктеу құқығының сыртқы экономикалық операцияның бір қатысушысынан екіншісіне өтуіне байланысты. Осындай өту заңды түрде ресімделуі мүмкін, ресурстардың нақты өтуін немесе осы ресурстарға басқа тараптың бақылау орнатуын болжауы мүмкін. Экономикалық меншік құқығы өтуі анық емес болған жағдайда, операцияның тараптары операцияны өздерінің бухгалтерлік кітаптарында немесе шоттарында көрсеткен кезде осындай өту жүріп жатыр деп саналады.

7. Төлем балансында операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде болған активтер мен міндеттемелер көлемінің өзгерістері тіркеледі. Төлем балансының операцияларына нақты төлемдермен қатар жүретін, сол сияқты мұндай төлемдерді болжамайтын операциялар жатады.

8. Басқа ағындар бұл активтің немесе міндеттеменің көлемінің, құнының немесе жіктеуінің резидент пен резидент емес арасындағы операцияға қарағанда, өзге себептермен туындаған өзгерістері. Басқа ағындарға активтер мен міндеттемелердегі өзгерістердің талдау мақсатында мынадай екі ауқымды санаттар шеңберінде көрсетілетін алуан түрлері жатады:

1) активтер мен міндеттемелер көлеміндегі басқа өзгерістер институционалдық бірліктер арасындағы өзара іс-әрекеттің өзара келісіміне негізделген іс-қимылдан өзге себептерден (яғни операциялардан) туындаған жаңа активтердің түсуін және активтер мен пассивтер балансындағы ескі активтер мен міндеттемелердің шығынға жазылуын көрсетеді;

2) актив немесе міндеттеме бойынша құнның, олардың бағалары өзгерісінің және/немесе валютаның айырбастау бағамының өзгеруі нәтижесінде туындайтын қайта бағалаулар (холдингтік пайдалар және шығындар).

9. Қаржы активтері мен міндеттемелерінің нақты уақыт сәтіндегі деңгейі қалдықтар деп аталады. Қалдықтар туралы деректер есепті кезеңнің басындағы және аяғындағы жағдай бойынша келтіріледі. Өртүрлі екі кезеңдегі қалдықтар арасындағы байланыстырушы буын осы кезең ішінде орын алған ағындар болады, себебі қалдықтардың өзгеруі себебі операциялар және басқа ағындар болып табылады.

## **2. Сыртқы экономикалық қызмет шоттарының құрамдас бөліктері**

10. Төлем балансы – белгілі бір уақыт кезеңі ішіндегі резиденттер мен резидент еместер арасындағы экономикалық операцияларды жиынтық түрде көрсететін есеп.

Төлем балансының стандартты құрылымы мынадай шоттардан тұрады: ағымдағы операциялар шоты (тауарлар және қызмет көрсетулер, бастапқы кірістер, қайталама кірістер), капиталмен және қаржы шотымен операциялар шоты.

11. Ағымдағы операциялар шоты резиденттер мен резидент еместер арасындағы тауарлар, қызмет көрсетулер, бастапқы кірістер мен қайталама кірістер ағындарын көрсетеді. Ағымдағы операциялар шотының сальдоны экспорт пен алынатын кіріс сомасы және импорт пен төленетін кіріс сомасы арасындағы айырманы көрсетеді (экспорт пен импорт тауарларды және сол сияқты қызмет көрсетулерді қамтиды, ал кіріс бастапқыны және сол сияқты қайталаманы білдіреді).

12. «Тауарлар» бөлімінің негізгі құрамдас бөлігі төлем балансының әдіснамасы бойынша тауарлар экспорты мен импорты, тауарларды шетелде қайта сату бойынша операциялар шеңберіндегі тауарлардың таза импорты, монетарлық емес алтын болып табылады.

Монетарлық емес алтын санатына монетарлық алтынды қоспағанда, барлық алтын кіреді. Өз кезегінде, монетарлық алтын – бұл қандай да болмасын құралмен құрылмайтын және басқа бірлікке қойылатын талап болып табылмайтын, халықаралық төлемдердің қаражаты және резервтік активтерде пайдаланылатын жинақ ақша қаражаты ретінде болатын қаржы активі.

Төлем балансының әдіснамасы бойынша тауарлар экспорты мен импортына меншіктеу құқығы резиденттер мен резидент еместер арасына өтетін және мынадай нақты санаттарға кірмейтін тауарлар (оның ішінде

реэкспорт) кіреді: тауарларды шетелде қайта сату шеңберіндегі тауарлар, монетарлық емес алтын, жол жүрулердің құрамдас бөліктері, құрылыс және басқа санаттарға жатқызылмаған мемлекеттік тауарлар мен қызмет көрсетулер

Реэкспорт – шетел тауарларын (басқа елдерде шығарылған және бұрын импортталған) олар бұрын әкелінген елден олар бастапқыда импортталған жағдаймен салыстырғанда қандай да болмасын айтарлықтай қайта құрусыз әкету.

Тауарларды шетелде қайта сату резиденттің (статистика жасайтын елдің) резидент еместен тауарларды сатып алуы ретінде айқындалады, бұл ретте сол тауарлар кейіннен басқа резидент емеске тауарларды статистика жасайтын елге әкелместен қайта сатылады.

Тауарларды шетелде қайта сатқан жағдайда тауарларды сату сомасы мен сатып алу сомасы арасындағы айырма «Тауарларды шетелде қайта сату шеңберіндегі тауарлардың таза экспорты» бабында көрсетіледі. Тауарлар қорларының шығыны немесе ұлғаюы болған жағдайда, тауарларды шетелде қайта сату шеңберінде тауарлардың таза экспортының теріс өлшемі болуы мүмкін.

Құймадағы немесе басқа нысандардағы монетарлық емес алтын тауарлардың құрамында бөлек баппен көрсетіледі.

13. «Қызмет көрсету» бөлімінде резиденттердің резидент еместерге ұсынған және резидент еместердің резиденттерге көрсеткен қызметі көрсетіледі. Төлем балансында қызметтердің мынадай түрлері бөліп көрсетіледі: басқа тараптарға тиесілі материалдық ресурстарды өндеу қызметі, көлік (почта қызметін және курьерлік байланыс қызметін қоса алғанда), іссапарлар, құрылыс, сақтандыру және зейнетақымен қамтамасыз ету қызметі, қаржылық қызмет көрсету, басқа санаттарға жатпайтын зияткерлік меншікті пайдаланғаны үшін ақы төлеу, телекоммуникациялық, компьютерлік және ақпараттық қызмет көрсетулер, басқа да іскерлік қызмет көрсетулер, жеке тұлғаларға қызмет көрсету және мәдениет және демалыс саласында қызмет көрсету, басқа санаттарға жатпайтын мемлекеттік тауарлар және қызметтер.

Төлем балансының әдіснамасына сәйкес қызметтерді сыртқы экономикалық қызметтің шоттарында көрсету уақыты оларды ұсыну сәті болып табылады. Қызметтерді ұсыну әрбір есептік кезеңде, яғни оларды ұсынуға қарай есептеу негізінде көрсетіледі. Егер төлем уақыты қызмет көрсету уақытымен сәйкес келмейтін болса, сауда аванстары (қызмет көрсету кезінде өтелетін қаржы активтері мен міндеттемелері) немесе сауда кредиттері (қызмет көрсету кезінде туындайтын қаржы активтері мен міндеттемелері) орын алуы мүмкін.

14. Бастапқы кірістерге қызметкерлердің еңбекақысы, инвестициялардан кірістер және басқа да бастапқы кірістер кіреді.

Қызметкерлердің еңбекақысы кәсіпорынмен қызметкер-жұмыс беруші қатынасындағы жеке тұлға өндірген өндірістік процеске сіңірген еңбегіне сыйақыны білдіреді. Сыртқыэкономикалық қызмет шоттарында

қызметкерлердің еңбекақысы тек жұмыс беруші және қызметкер әртүрлі елдің резиденттері болып табылатын болса көрсетіледі. Қызметкерлердің еңбекақысы негізгі үш компоненттерден қалыптасады:

- 1) ақша түріндегі жалақы;
- 2) зат түріндегі жалақы;
- 3) жұмыс берушілердің әлеуметтік қажеттіліктерге аударымдары.

Инвестициялық кіріс - дивидендтерді, қайта инвестицияланған кірістерді және пайыздарды қоса алғанда, қаржылық активтерді ұсынудан түскен пайда, яғни тікелей, портфельдік, басқа инвестициялардан және резервтік активтерден түскен пайда болып табылады.

Дивидендтер ұйымды басқаруға қаражат ұсынғаны үшін иелік етушілерге бөлінетін кірістерді, есептелінетін капиталдың үлесін білдіреді.

Қайта инвестицияланған кірістер тікелей инвестордың өзіне пропорционалды түрде тиесілі үлесінің шетелдік еншілес және қауымдасқан кәсіпорындардың дивидендтер ретінде бөлінбейтін капиталына, кірістеріне үлесін білдіреді. Кірістерді қайта инвестициялау кейбір жағдайларда мысалы, тікелей инвестициялау кәсіпорындары зиян шеккен немесе қаралып отырған кезеңде төлеуге тиісті дивидендтер осы кезеңдегі таза кірістерден артық болған жағдайларда теріс мөлшерде болуы мүмкін. Тікелей инвестициялау кәсіпорнына тікелей инвестор тарапынан қосылуы ретінде қаралатын оң инвестицияланған кіріске ұқсас теріс қайта инвестициялау кірістері қаражатты капиталдан алу деп саналады.

Сыйақы (пайыздар) оларды басқа институционалдық бірлікке басқаруға бергені үшін депозиттер, борыштық бағалы қағаздар, кредиттер мен заемдар және басқа дебиторлық немесе кредиторлық берешек ұсынған қаржы активтерінің белгілі түрлерінің иелері алуға тиісті инвестициялық кірістің нысанын білдіреді. Пайыздар есептеу қағидаты бойынша көрсетіледі, яғни олар кредиторға өтелмеген сомаға үздіксіз уақыт ішінде есептелген ретінде көрсетіледі.

Сақтандыру мен зейнетақы полистері және стандартты кепілдіктер ұстаушыларының шотына жатқызылатын инвестициялық кіріс зейнетақы алуға арналған құқықтар бойынша төлемге техникалық резервтер және кірістер нысанында сақтандыру бағдарламалары және стандартты кепілдіктер шеңберінде олардың талаптарына арналған полис ұстаушылардың пайдасын білдіреді.

Басқа да бастапқы кірістер өндіріс және импорт салығын, субсидияларды және рентті қамтиды.

15. Қайталама кірістер шоты резиденттер және резидент еместер арасындағы ағымдағы трансферттерді көрсетеді. Ағымдағы трансферттер тауарды, қызметті, қаржы активін немесе экономикалық құны бар өзге объектінің орнына алынбай өзге де жүргізілмеген активті ұсынуға сәйкес келетін операциялардың орнын толтыратын жазбаларды білдіреді. Осы бап гранттарды, гуманитарлық және техникалық көмекті, түрлі халықаралық және



мемлекетаралық ұйымдарға үкіметтік жарналарды, жеке тұлғалардың салықтары мен аударымдарын қамтиды. Ағымдағы трансферттер институционалдық секторлар бойынша алушы немесе шығарушы трансферттер болып жіктеледі. Қайталама кірістер шотының сальдосы түсімдердің жалпы сомасының және төлемдердің жалпы сомасының түрлі болуын білдіреді.

16. Капиталмен операциялар шоты резиденттер мен резидент еместер арасында жүргізілмеген қаржылық емес активтермен және күрделі трансферттермен кез келген сыртқы экономикалық операцияларды қамтиды.

Туынды емес қаржылық емес активтер табиғи ресурстардан, келісімшарттардан, жалгерлік шарттардан және лицензиялардан, маркетингтік активтерден тұрады.

Капиталдық трансферттер активке меншік құқығы (ақша қаражатынан және тауар-материалдық қорлардан басқа) бір тараптан екінші тарапқа өтетін немесе бір немесе екі тарапқа активті (ақша қаражатынан және тауар-материалдық қорлардан басқа) сатып алу немесе шеттету міндеттемесі салынатын немесе міндеттемені кредитор кешіретін трансферттерді білдіреді.

17. Қаржы шотында резиденттер және резидент еместер арасындағы қаржы активтерімен және міндеттемелерімен операциялар көрсетіледі.

Қаржы шоты қаржыландырудың таза халықаралық операцияларында пайдаланылатын функционалды санаттар, секторлар, құралдар және өтеу мерзімі туралы мәліметтерді көрсетеді. Сыртқы экономикалық қызмет шоттарындағы қаржы активтері мен міндеттемелерінің ағындары таза негізде көрсетіледі. Қаржы шотында активтерді және міндеттемелерді қайта бағалау нәтижесінде сыртқы берешектің өзгеруі көрсетілмейді. Қаржы шоты бойынша жазбалар тауарлардың, қызметтердің, кірістердің шоттары бойынша операцияларға қатынасы бойынша, капиталмен операциялар немесе қаржы шотының басқа баптары бойынша алмасушы жазбалар болып табылуы мүмкін.

18. Қаржылық активтер резиденттердің резидент еместерге талаптарынан және монетарлық алтын құрамындағы «құймадағы алтын» құрамдас бөліктерінен құралады.

Талаптар экономикалық активтердің пайда болуына себепші болатын балансталатын міндеттемеге сәйкес келетін қаржылық құралдар болып табылады.

Қаржы есебінде активтер мен міндеттемелер мынадай негізгі құрамдас бөліктер бойынша функционалдық белгісі бойынша жіктеледі: тікелей инвестициялар, портфельдік инвестициялар, туынды қаржы құралдары және қызметкерлерге арналған акцияларға опциондар, басқа инвестициялар және резервтік активтер.

19. Тікелей инвестициялар – бір елдің резиденті басқа елдің резиденті болып табылатын кәсіпорынды бақылайтын немесе басқаруға елеулі ықпал ету әсері бар (оған тікелей инвестициялау кәсіпорынын басқаруда он немесе одан көп пайыз дауысты қамтамасыз ететін капиталға қатысу құралдарына ие) трансшекаралық инвестициялар санаты. Тікелей инвестициялар тікелей

инвестордың инвестицияларына тікелей инвестициялау кәсіпорнына; тікелей инвестициялау кәсіпорнының кері инвестициялары өзінің меншік тікелей немесе жанама инвесторына; және тел кәсіпорындар - резиденттер мен резиденттер еместер арасындағы инвестициялар болып жіктеледі.

Тікелей инвестициялар капиталды салу бағыттары бойынша мынадай болып жіктеледі:

шетелге тікелей инвестициялар – резидент тікелей инвесторлар және олардың тікелей инвестициялау кәсіпорындары арасындағы активтер мен міндеттемелерді қамтиды, егер соңғы бақылаушы бас компания резидент болып табылса, тел кәсіпорындар - резиденттер мен резиденттер еместер арасындағы активтер мен міндеттемелерді қамтиды;

елге тікелей инвестициялар – тікелей инвестициялаудың резидент кәсіпорындары арасындағы олардың тікелей инвесторларының барлық міндеттемелері мен активтерін сондай-ақ, егер соңғы бақылаушы бас компания резидент емес болып табылса, резидент және резидент емес тел кәсіпорындар арасындағы активтер мен міндеттемелерді қамтиды.

Қаржы құралдарының түрі бойынша тікелей инвестициялармен операциялар капиталға қатысу құралдарына және инвестициялық қорлардағы үлестерге; кірістерді және борыштық құралдарды қайта инвестициялауға бөлінеді.

Кері инвестициялау тікелей инвестициялау кәсіпорны қаражатты кредитке берген кезде немесе осы тікелей инвесторда он пайыз немесе одан көп дауысты қамтамасыз ететін капиталға қатысу құралдары жоқ болған кезде өзінің тікелей немесе жанама тікелей инвесторының капиталына қатысу құралдарын сатып алғанда туындайды.

Тел кәсіпорындар – бір тікелей немесе жанама инвестордың бақылауында немесе ықпалында болатын, бірақ бірін-бірі ешқандай бақыламайтын немесе ықпал етпейтін кәсіпорындар.

20. Портфельдік инвестицияларға тікелей инвестицияларға немесе резервтік активтерге кіретіндерден басқа, борыштық бағалы қағаздарға немесе капиталға қатысуды қамтамасыз ететін бағалы қағаздарға байланысты операциялар кіреді.

21. Туынды қаржы құралдары және қызметкерлерге арналған акцияларға опциондар басқа нақты (базалық) құралға байланыстырылған және қаржы нарықтарында базалық құралдарға қарамастан, олардың көмегімен нақты қаржылық тәуекелдермен (пайыздық және валюталық тәуекел, акциялар мен тауарлар бағаларының ауытқуына байланысты тәуекел және кредиттік тәуекел және т.б.) сауда жүргізілетін қаржы құралдарын білдіреді. Туынды қаржы құралдары форвардтық келісімшарттарға және опциондарға бөлінеді.

22. Басқа инвестицияларға капиталға қатысудың басқа құралдары, валюта мен депозиттер, кредиттер мен қарыздар, өмірді сақтандырумен байланысты емес сақтандыру техникалық резервтері, өмірді сақтандыру және аннуитеттер бойынша төлемдерге құқықтар, зейнетақы төлемдеріне құқықтар мен

стандартты кепілдіктер шеңберіндегі талап етуге арналған резервтер, сауда кредиттері мен аванстар, басқа да дебиторлық және кредиторлық берешек, арнайы қарыз алу құқықтарын бөлу кіреді.

Капиталға қатысудың басқа құралдары, олар тікелей инвестиция немесе резервтік активтер болып табылмаған жағдайларда басқа инвестицияларға жатады. Бағалы қағаздар нысаны жоқ қатысудың басқа құралдары портфельдік инвестицияларға кірмейді.

23. Резервтік активтер – ақша-кредиттік реттеу органдарының еркін басқаруындағы және төлем балансын қаржыландырудағы қажеттіліктерді қанағаттандыру, валютаның айырбастау бағамына ықпал ету үшін валюта нарығында үстемдікті жүргізу мақсатында және басқа да тиісті мақсаттарда (валютаға және экономикаға сенімділікті қолдау сияқты, сондай-ақ шетелдік қарыз алу үшін негіз ретінде) олардың бақылауына алынған сыртқы активтер.

24. Төлем балансын ұсынудың стандарты және талдамалық нысандары болады. Стандартты ұсынуда тауарлармен, қызметтермен, кірістермен және қаржылық құндылықтармен жасалатын сыртқы экономикалық операциялар Ұлттық шоттар жүйесіне (ҰШЖ) және макроэкономикалық статистиканың басқа да жүйелеріне ұқсас стандартты жіктеуге сәйкес топтастырылады, соның нәтижесінде төлем балансының операциялары арасындағы сальдо нөлге тең болады.

Талдамалық ұсыну бір жағынан, резервтер мен олармен тығыз байланысты баптардың және екінші жағынан, басқа да операциялардың арасында базалық шектеу жүргізуді жеңілдететін төлем балансының статистикасын стандарттық ұсынудың осындай қайта ұйымдастыруы болып табылады.

25. ХИП белгілі бір уақыт кезеңіне:

резидент еместерге қойылатын талаптарды және резервтік актив болып табылатын құймалардағы алтынды білдіретін ел резиденттерінің қаржы активтерінің;

ел резиденттерінің резидент еместер алдындағы міндеттемелерінің құнын және құрылымын көрсететін статистикалық есепті білдіреді.

Елдің сыртқы қаржы активтері мен міндеттемелері арасындағы айырма оң немесе теріс болуы мүмкін елдің ХИП-ін білдіреді.

ХИП тікелей инвестициялардан, портфельдік инвестициялардан, туынды қаржы құралдарынан және қызметкерлерге арналған акциялардың опциондарынан, басқа инвестициялардан, сондай-ақ резервтік активтерден тұрады. Кезең соңындағы ХИП көрсеткіштері ағымдағы және алдыңғы кезеңдер ішіндегі операциялар мен басқа да ағындардың нәтижесі болып табылады. ХИП туралы ықпалдастырылған есеп ХИП шоттарынан, қаржы шотынан және қаржы активтері мен міндеттемелеріндегі басқа өзгерістер шотынан тұрады.

Берешектің қалдықтарынан басқа, ХИП қаржы операцияларының есебінен болатын өзгерістерді (төлем балансында ескеріледі), қайта бағалау

есебінен болатын өзгерістерді, сондай-ақ қаржы активтері мен міндеттемелерін қайта жіктеуге байланысты өзгерістерді қамтиды.

26. Қаржы активтері мен міндеттемелеріндегі басқа өзгерістер шоты басқа да ағындарды көрсетеді және резиденттер мен резидент еместер арасындағы операцияларға карағанда, өзге экономикалық оқиғаларға негізделген өзгерістерді беру нәтижесінде төлем балансының деректерін белгілі бір кезеңдегі ХИП деректерімен келісуге мүмкіндік береді.

27. Жалпы сыртқы борыш (бұдан әрі – ЖСБ) дегеніміз борыштың негізгі сомасын пайызбен немесе пайызсыз төлеу бойынша не пайыздарды негізгі соманы төлей отырып немесе төлеместен негізгі соманы төлеу бойынша аталған ел резиденттерінің резидент еместер алдындағы нақты қабылдаған және өтелмеген шарттық міндеттемелерінің сомасын (кез келген сол кезеңде) білдіреді.

ЖСБ мына қаржы құралдары:

борыштық бағалы қағаздар;

кредиттер мен қарыздар;

сауда-саттық кредиттері мен аванстар;

басқа борыштық міндеттемелер бойынша резидент еместер алдындағы барлық борыштық міндеттемелерді қамтиды.

Стандартты көрсетуде ЖСБ қаржы құралының түрі бойынша, резидент қарыз алушылар экономикасының секторлары бойынша, өтеу мерзімдері бойынша ұсынылады.

Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді міндеттемелер арасындағы шектеу өтеудің бастапқы мерзімінің өлшемдеріне негізделген.

Ұзақ мерзімді сыртқы борыш бір жылдан астам өтеу мерзімі бар борыш ретінде белгіленеді.

Қысқа мерзімді сыртқы борыш талап ету бойынша төленетін немесе бастапқы өтеу мерзімі бір жылдан аспайтын борыш ретінде айқындалады.

### **3. Қазақстан Республикасының сыртқы секторы статистикасының ақпараттық базасы, оны қалыптастырудың және таратудың кезеңділігі, мерзімдері**

28. Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметінің шоттары миллион АҚШ долларымен жасалады. Төлем балансындағы операциялар және халықаралық инвестициялық позициядағы қалдықтар нарықтық бағалармен көрсетіледі.

29. Тауарлардың экспорты және импорты туралы көрсеткіштер Ұлттық Банкке уәкілетті мемлекеттік органдар ұсынатын тауарлармен жасалатын халықаралық сауда-саттық статистикасының ресми деректері негізінде қалыптастырылады және кейіннен ТБН6 талаптарына сәйкес түзетіледі. Өзара сауда-саттық жөніндегі деректерді Қазақстан Республикасының Статистика

агенттігі жинайды, ал үшінші елдермен сауда-саттық жөніндегі деректерді Қазақстан Республикасының Кеден Комитеті қалыптастырады.

30. Сонымен қатар мыналар:

Ұлттық Банк кәсіпорындардан, мемлекеттік органдардан, банктерден, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларынан және Орталық депозитарийден жинайтын бастапқы статистикалық деректер, Ұлттық Банктің баланстық есептілігі;

мемлекеттік органдар ақпаратпен алмасу және сұрату аясында ұсынатын статистикалық ақпарат;

Ұлттық Банк валюталық заңнама және төлемдер мен ақша аудару туралы заңнама шегінде жинайтын әкімшілік деректер төлем балансын әзірлеу кезінде қолданылатын ақпараттың негізгі көздері болып табылады.

31. Статистикалық есеппен жүйелі түрде қамтылмайтын төлем балансының көрсеткіштерін қалыптастыру үшін (мысалы, жеке тұлғалардың операциялары) ТБНБ әдіснамалық қағидаттарына негізделген Ұлттық Банктің өз бағалауы қолданылады.

32. Қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша статистикалық есептілік ХИП пен ЖСБ жасау үшін де деректердің көзі болады. Респонденттер ұсынатын есептілік Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде валюталық операцияларды тіркеу және оларды хабарлау шегінде келіп түсетін деректердің негізінде, сондай-ақ ақпараттың қосымша көздері (бағалы қағаздардың кәсіби қатысушылары, бұқаралық ақпарат құралдары) бойынша салыстырылып тексеріледі және түзетіледі.

33. ТБ, ХИП және ЖСБ тоқсан сайынғы негізде әзірленеді және есепті кезең аяқталғаннан кейінгі бір тоқсан ішінде ұсынылады. Бұл ретте тоқсандық деректер есепті тоқсан аяқталғаннан кейін тоқсаныншы күні, жылдық деректер есепті тоқсан аяқталғаннан кейін тоқсаныншы күні ұсынылады.

34. Жылдық ТБ-ның бағасы бірінші рет жариялағаннан кейінгі екі жыл ішінде қайта қаралуы мүмкін. Төлем балансының бірінші рет қайта қаралған бағасы жыл аяқталғаннан кейінгі тоғыз ай өткеннен соң жарияланады. Ұлттық Банк есепті жылдың алдындағы жылдардағы ТБ тоқсандық деректерінің қайта қаралған серияларын жылына екі рет – сәуірде және қазанда жариялайды. Бұл ретте енгізілген өзгерістер бойынша түсініктеме беріледі.

35. Деректер Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің <http://www.nationalbank.kz> интернет-ресурсында орналастыру арқылы барлық мүдделі тараптарға бір мезгілде таратылады.

36. Динамикадағы деректерімен нақты кестелер Ұлттық Банктің «Қазақстан Республикасының төлем балансы және сыртқы борышы» атты тоқсандық басылымында жарияланады.

### Қолданылған әдебиет тізімі

1. Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ) дайындаған, 2009 жылғы, алтыншы басылымдағы Төлем балансы және халықаралық инвестициялық позиция бойынша нұсқаулық;
2. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) дайындаған, төртінші басылымдағы Тікелей шетелдік инвестициялар бойынша базалық ұғымдар;
3. ХЕБ, ХВҚ, ЭЫДҰ, Париж клубының Секретариаты, Еуростат, Дүниежүзілік Банк (ДБ), БҰҰ Сауда және даму конференциясы және Достастықтың Секретариаты дайындаған, 2003 жылғы, Сыртқы борыштың статистикасы бойынша нұсқаулық;
4. БҰҰ Статистикалық бөлімі дайындаған, 2010 жылғы, Тауарлардың халықаралық саудасының статистикасы бойынша нұсқаулық: тұжырымдамалары мен ұғымдары;
5. ХВҚ, ЭЫДҰ, БҰҰ Статистикалық бөлімі, Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ), Еуростат, БҰҰ Сауда және даму конференциясы және БҰҰ дүниежүзілік туристік ұйымы дайындаған, 2011 жылғы, Қызметтердің халықаралық саудасының статистикасы бойынша нұсқаулық;
6. Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ) дайындаған, Дайындаушылар мен пайдаланушылар үшін нұсқаулық. 2009 жылғы, Ақша аударымымен халықаралық операциялар;
7. Халықаралық Валюта Қоры (ХВҚ) дайындаған, 2001 жылғы, Шетел валютасындағы халықаралық резервтер және өтімділік. Деректерді ұсыну нысаны: басқару қағидаттары.